

Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға жергілікті бюджет қаражаты есебінен біржолғы ақшалай өтемақы төлеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 желтоқсандағы № 11/58-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 желтоқсанда № 3915 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2023 жылғы 18 қазандағы № 6/40-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 18.10.2023 № 6/40-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 53 бабының 2 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға жергілікті бюджет қаражаты есебінен біржолғы ақшалай өтемақы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленсін.

2. Қазығұрт аудандық мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 25/167-V "Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға біржолғы ақшалай өтемақы төлеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2471 тіркелген, 2014 жылғы 17 қаңдардағы "Қазығұрт тынысы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

М. Туранов

У. Копеев

